«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
вице-министрі
___________ Ш. Каринова
«___» ___________ 2021 ж.

**Білім беру ұйымдарының кітапханаларын перспективті дамытудың және «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары**

| № р/с | Іс-шаралар | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімі | Жауаптылар | Орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|
| | **1. Білім беру ұйымдары кітапханаларының қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету** | | | | |
| 1.1. | Білім беру ұйымдары кітапханаларының қызметін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру | БҒМ бұйрығы | желтоқсан 2020 жыл | Каринова Ш.Т. | МОБК, ТКБД |
| 1.2. | «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығына кітапханалар қызметін реттеу бөлігінде өзгерістер енгізу | БҒМ бұйрығы | сәуір 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | МОБК, ТКБД, ЗД «Оқулық» РҒПО, РҒПК |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.3. | «Білім беру жүйесінің кітапханаларына арналған кітапхана ісі жөніндегі құжаттарды бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2000 жылғы 17 тамыздағы № 827 бұйрығына кітапханалардың қызметін реттейтін мемлекетаралық стандарттар мен қағидаларға сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер енгізу | БҒМ бұйрығы | шілде 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | МОБК, ТКБД, ЗД, РҒПК |
| **2. Кітапхана қорын дамыту** | | | | | |
| 2.1. | Мектептер үшін білім алушылардың оқуына ұсынылатын әдебиеттердің минималды тізбесін бекіту (ҚР МСМ-мен келісім) | Әдебиеттер тізбесі | сәуір 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | «Оқулық» РҒПО, Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, РҒПК, М.О. Әуэзов атындағы Әдебиет және өнер институты және ҰМКП, Ұлттық академиялық кітапхана (келісім бойынша) |
| 2.2. | «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің | Қорды қалыптастыру | 2021-2025 жж. жыл сайын | ЖАО, білім беру ұйымдары | ЖАО, білім беру ұйымдары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына сәйкес жыл сайын отандық, шетелдік көркем, ғылыми, ғылыми-публицистикалық, ғылыми-фантастикалық, деректі, тарихи және т.б. әдебиет қорын жаңарту | | | | |
| **3. Білім беру мекемелеріндегі кітапханалардың қызметін ұйымдастыру** | | | | | |
| 3.1. | Білім беру ұйымдары кітапханашыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын келісу | Білім беру бағдарламасы | шілде 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | РҒПК, Ұлттық академиялық кітапхана (келісім бойынша), «Өрлеу» БАҰО АҚ, басқа ұйымдар |
| 3.2. | Кітапханашыларды кәсіби дамыту жұмыстарын ұйымдастыру: семинарлар, вебинарлар, конференциялар, курстар | РҒПО жеке жоспары бойынша | 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | РҒПО, «Оқулық» РҒПО, Ұлттық академиялық кітапхана (келісім бойынша) |
| 3.3. | Білім беру ұйымдары кітапханаларының қызметін тиімді ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтарын әзірлеу | Әдістемелік нұсқаулық | маусым 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | РҒПО |
| 3.4. | Білім беру ұйымдары кітапханаларының озық тәжірибелерін тарату | Әдістемелік материалдар | тұрақты | Каринова Ш.Т. | МОБК, ТКБД, РҒПО, АТО, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және бейнероликтер | | Дәуленов М.М. | НЗМ, БИЛ, халықаралық және жекеменшік мектептер (келісім бойынша) |
| 3.5. | Қауымдастық, мектеп және колледж кітапханашыларының желілік қоғамдастығын құру және жұмысын үйлестіру, Халықаралық кітапхана ассоциациялары мен мекемелерінің федерациясына (IFLA) кіру мәселесін пысықтау | Қауымдастық, желілік қоғамдастық | қаңтар 2022 жыл | Каринова Ш.Т. | РҒПК, «Оқулық» РҒПО |
| 3.6. | Кітапхана қорына жыл сайын түгендеу жүргізу, моральдық және тарихи жағынан ескірген әдебиеттерді есептен шығару | Жаңартылған кітапхана қоры | жаңа оқу жылы басталғанға дейін 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | ЖАО, білім беру ұйымдары, РҒПК |
| 3.7. | Педагогикалық кеңестердің, басқару органдары алқаларының отырыстарына кітапхана қызметіне қатысты мәселелерді шығару және талқылау | Кітапханаларға ұсынымдар | жарты жылда 1 рет 2021 жыл | ЖАО | ЖАО |
| | **4. «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру** | | | | |
| 4.1. | «Оқуға құштар мектеп» жобасының тұжырымдамасын әзірлеу | Тұжырымдама | наурыз 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | МОБК, РҒПК, «Оқулық» РҒПО, Ы. Алтынсарин |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | атындағы ҰБА |
| 4.2. | Жобаны іске асырудың өңірлік жоспарларын әзірлеу | Іс-шаралар жоспары | сәуір 2021 жыл | ЖАО | ЖАО |
| 4.3. | Кітап оқу құзыреттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру<br>- «Барлық пәндер арқылы оқу» сабақ жүйесі;<br>- іштен оқуға, мағыналық оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлу;<br>- 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлу;<br>- әр сабақта «бес минуттық» оқуды өткізу;<br>- білім алушылардың тақырыптық конкурстарға, шығармаларға, эссеге қатысуы;<br>- ақпаратпен жұмыс істеудің бірыңғай режимін енгізу;<br>- «Сыныптың, топтың үздік оқырманы», «Ең көп оқитын сынып, топ», «Мектептегі, колледждегі жыл оқырманы» конкурстарын өткізу. | БҒМ-ге ақпарат | тоқсанына 1 рет | ЖАО | ЖАО, РҒПК |
| 4.4. | Білім беру ұйымдарының мәдени мекемелермен әлеуметтік серіктестігі:<br>- жазушылардың, ақындардың, суретшілердің, актерлердің, спортшылардың, танымал жерлестердің қатысуымен шығармашылық кездесулер өткізу («Автормен телекөпір»);<br>- біз бір-бірімізге (еріктілерді тарта отырып) оқимыз: кіші жастағы оқушының үлкен жастағы оқушылармен кездесуі және кітап оқуы;<br>- жастар қоғамдық ұйымдарымен бірлесе іс-қимыл жүргізу, стартап («Оқу сағаты»), оқу | БҒМ-ге ақпарат | тоқсанына, семестрде 1 рет | ЖАО | ЖАО |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | конференцияларын өткізу;<br>- Интернет технологиясы арқылы оқуды насихаттау; сайттарда оқу мәдениеті мәселелерін талқылауға қолжетімділікті қамтамасыз ету;<br>- қалалық open-air бағдарламасы форматында жаңа алаңдарды игеру - көшеде жазғы оқу бағдарламалары, тақырыптық іс-шаралар, PR-акциялар;<br>- жазғы оқу залдары;<br>- кітапханаларда «Бірге оқимыз!» атты жүздесу күндерін өткізу. | | | | |
| 4.5. | Бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: «Мектеп-кітапхана-отбасы»:<br>- «Қазіргі отбасылық оқу дәстүрлері, «Оқырман ана», «Ең оқырман отбасы», «Оқырман достар»;<br>- кітап оқитын отбасылық клубтар құру;<br>- «Балалар қалай және нені оқуы керек!», «Баланың кітап оқу дағдысын қалыптастыруға ықпал ететін рухани отбасылық ахуал қалыптастыру», «Оқуға құштар ата-ана – оқуға құштар бала», «Ана қолындағы кітап»;<br>- «Ең оқырман отбасы» конкурсы;<br>- ата-аналарға «Менің үй кітапханамдағы кітаптар» атты балаларға арналған кітаптарды таныстыру; «Біздің үй кітапханамыз» буккроссингі;<br>- ата-аналардың балаларымен әдеби іс-шараларға баруы: көрмелер, спектакльдер, фильмдер, отбасылық әдеби демалыс күндерін жариялау; | БҒМ-ге ақпарат | тоқсанына 1 рет | ЖАО | ЖАО |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - «Отбасы күні: біздің отбасымыздың өміріндегі кітап» мерекесін ұйымдастыру;<br>- «Менің отбасым оқырман» оқу марафонын өткізу;<br>- «Оқуға құштар мектеп - табысты мектеп» жобасы тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу;<br>- ата-аналарға арналған «Ата-аналарға көмек. Балаңызға мағыналы оқуға қалай көмектесуге болады. Оқу сауаттылығын қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері» атты оқыту семинар-практикумын өткізу;<br>- ата-аналарды «Менің үй кітапханамдағы кітаптар» айдарымен балалар кітаптарымен, балалар әдебиетінің жаңалықтарымен таныстыру | | | | |
| 4.6. | Білім алушыларға арналған «Оқу марафоны» мобильді қосымшаларын енгізу | БҒМ-ге ақпарат | 2021 жыл | ЖАО | ЖАО |
| 4.7. | Оқу сауаттылығы бойынша дайджест | Ақпарат | 2021 жыл | Каринова Ш.Т. | АТО |
| 4.8. | «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыруды мониторингілеу | БҒМ-ге ақпарат | тоқсанына 1 рет | ЖАО | ЖАО |
| **5. Білім беру ұйымдары кітапханаларының материалдық-техникалық базасын дамыту** | | | | | |
| 5.1. | 2025 жылға дейін 5000 мектепті жаңғырту шеңберінде кітапханаларды жаңғырту (материалдық-техникалық | Бюджеттік өтінім | 2021-2025 жылдар | ЖАО | ЖАО |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамтамасыз етуді нығайту, оның ішінде кедергісіз орта және кітапханалардың қазіргі заманғы интерьерін жасау бойынша сметалық есептерді әзірлеу және бекіту) | | | | |
| 5.2. | Білім беру ұйымдарындағы кітапханалар жанынан IT жабдықтары бар Coworking-орталықтар ашу | Бюджеттік өтінім | 2021-2025 жылдар | ЖАО | ЖАО |
| 5.3. | Кітапхана контентін цифрландыру және жүйелеу, цифрлық шешімдер, цифрлық дизайн | | 2021-2025 жылдар | ЖАО | ЖАО |
| 5.4. | Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимыл жүргізуді және олардың онлайн кітапханаларына қол жеткізуді қамтамасыз ету | | 2021-2025 жылдар | ЖАО | ЖАО |
| 5.5. | Білім беру ұйымдары (мектептер, колледждер) үшін е-кітапхана бірыңғай автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесін құру мәселесін пысықтау | Талдамалық жазба | 2021-2022 жылдар | ЖАО | ЖАО |
| 5.6. | Мектеп және колледж кітапханаларының қорларын цифрландыруды жүргізу үшін қызметті үйлестіру мақсатында өңірлік ақпараттық-әдістемелік және ресурстық орталықтар құру | Алдыңғы қатарлы мектептер мен колледждер базасында орталықтар | мамыр 2022 жыл | ЖАО | ЖАО |
| 5.7. | Интернетке қол жетімділікті ұсына отырып, кітапхананың локальді-есептеу желісіне 100 Мбит / с жылдамдықпен қосылуды қамтамасыз ету | қол жеткізу | 2021-2025 жылдар | ЖАО | ЖАО |
| 5.8. | Білім беру ұйымдарының кітап сақтау орындарын және оқырман залдарын жаңарту | жаңарту | 2021 жыл | ЖАО | ЖАО |

Аббревиатура:

МОБК - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті
ТКБД - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім департаменті
ЗД - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаменті
«Оқулық» РҒПО - «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы
РҒПК- Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана
Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Өрлеу» БАҰО АҚ - «Өрлеу» Біліктілікті арттырудың ұлттық орталығы акционерлік қоғамы
ЖАО – Жергілікті атқарушы орган
ҰМКП – Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы
ҰБДҚ – Ұлттық білім беру деректер қоры
АТО – Ақпараттық-талдау орталығы
НЗМ – Назарбаев зияткерлік мектептері
БИЛ – «Білім инновация лицейі»